

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Заң факультеті
«6B04205 – Құқықтану» , 6B12301 – Құқық қорғау органдары,
6B04202 - «Мемлекеттік қызмет», «6B04203 - Кеден ісі» мамандығы
бойынша білім беру бағдарламасы
2025-2026 оқу жылының көктемгі семестрі
1, 2 курс, к б.
СӨЖ тапсырмалары

СӨЖ № 1

Тақырып: Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Теориялық бөлім: Төменде берілген сұрақтар бойынша жазбаша толық түрде жауаптар жазу.

Сұрақтар:

1. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жүйеленуін беру.
2. Адам өлтірудің түсінігі, қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
3. Қылмыстық заң тұрғысынан өмірдің бастапқы және аяққы кезеңдерін ашу.
4. Адам өлтіруді басқа ұқсас қылмыс құрамдарынан ажырату.
5. ҚР ҚК 99 б. 2 б. бойынша саралау ерекшеліктерін сипаттау.
6. Денсаулыққа зиян келтірудің түрлерінің сипаттамасы.
7. Денсаулыққа келтірілген ауыр зиянның белгілерін ашу.
8. «Қалыпты жыныстық қатынастар» ұғымы және элементтері.
9. Дәрменсіз жағдайдың түсінігі.
10. Адамды ұрлауды бас бостандығынан заңсыз айыру мен адамды кепілге алудан ажырату мәселелері.

Тапсырмалар:

№1. Істің нақты мән-жайларын, олардың уақыттағы, кеңістіктегі, іс-әрекеттің әдістері және зардаптары, қасақаналықтың белгілері, мақсат пен ниеттің нақтылануын талдаңыз.

№2. «Денсаулыққа зиян келтірудің түрлері» атты схема құрыңыз.

№3. № 4 11 мамыр 2007 жылғы ҚР ЖС Нормативтік қаулысы бойынша зорлау және жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерін ажыратыңыз.

№4. Ар-намыс және абыройды қылмыстық-құқықтық қорғаудың ерекшеліктерін сипаттайтын белгілерді көрсетіңіз. Ар-намыс және абыройды қорғауға бағытталған ҚР АҚ нормаларымен салыстырмалы талдау жүргізіңіз.

№5. ҚР ЖС 21. 06. 2001 ж. «Келтірілген моральдық зиянның орнын толтыру туралы заңдарды соттың қолдануы туралы» Нормативтік қаулысымен танызыңыз.

Әдебиеттер:

1. Нормативтік материал

1. ҚР Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен.
2. Адамның өміріне және денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» №1 11 желтоқсан 2007 жылғы ҚР Жоғарғы сотының қаулысы
3. «Зорлаумен және нәпсіқұмарлық сипатындағы өзгеде күш қолданумен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» №4 11 желтоқсан 2007 жылғы ҚР Жоғарғы сотының қаулысы.

1. Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть: Учебник / Под ред. проф. А.Н.Агыбаева, Г.И. Баймурзина. Алматы, 2003г.
2. Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть: Учебник. Костанай, 2005г.

4. Уголовное право России. Особенная часть: Учебник / Под ред. Б.В. Здравомыслова. М.:

- Юрист. 1996.
5. Уголовное право Российской Федерации / Под ред. И.Я. Козаченко Особенная часть. М.: Юрист. 1996.
 6. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан \ Под ред. И.И. Рогова и С.М. Рахметова. Алматы, 1999г.
 7. Комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации \ Под ред. Ю.И. Скуратова, В.М. Лебедева М., 1996 г.
 8. Научно-практический комментарий к уголовному кодексу Российской Федерации. В 2-х т. / Под ред. П.Н. Панченко. Н. Новгород, 1996.
 9. Бородин С.В. Квалификация преступлений против жизни. М., 1999г.
 10. Рахметов С.М., Турецкий Н.Н. Преступления против личности. Алматы, 2004г.
 11. Чечель Г.И. Квалификация истязаний по действующему законодательству. Барнаул, 1989г.
 12. Викторов И.С. Уголовно-правовая ответственность за распространение венерических заболеваний. Саратов, 1980г.
 13. Баймурзин Г.И. К характеристике объекта оскорбления и клеветы // Проблемы совершенствования законодательства и практика борьбы с преступностью. Алма-Ата, 1992г.

СӨЖ № 2

Тақырып: Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Теориялық бөлім: Төменде берілген сұрақтар бойынша жазбаша толық түрде жауаптар жазу.

Сұрақтар:

1. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту құрамының белгілерінің сипаттамасы.
2. Кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту құрамының қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
3. Баланы ауыстыру құрамының белгілерін талдау.
4. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғушылық үшін жауаптылықтың жалпы құқықтық негіздерінің сипаттамасы.
5. Адамның және азаматтың тең құқықтылығын бұзу.
6. Жеке өмірге қолсұғылмашылықты және ҚР дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзудың қылмыстық-құқықтық белгілері.
7. Азаптау деп нені түсіну керек?
8. Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу қандай объектіге қол сұғады?
9. Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау деп нені түсінесіз?

Тапсырмалар:

- №1.** Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұғымын және сипаттамасын ашатын қысқаша тезистер дайындаңыз.
- №2.** Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Баланың құқықтары Конвенциясында баланың құқықтарына қатысты нормаларды теріп жазыңыз.
- №3.** Қолданыстағы қылмыстық заңнаманың нормаларын зерделеу нәтижесінде схемалар құрыңыз: 1. «Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері»; 2. «ҚР ҚК 135 бабын қылмыстық-құқықтық талдау».
- №4.** Осы тараудағы баптармен қарастырылған құқық қолданушы арқылы анықталатын бағалық белгілердің тізбегін беріңіз.
- №5.** Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жүйеленуін беріп, оларды жүйелеу критерийлерін анықтаңыз.
- №6.** Сайлау құқықтарын қылмыстық бұзу құрамдарының ерекшеліктерін атаңыз.

№7. Схема құрыңыз: «ҚР еңбек заңнамасын бұзудың объективтік жағы».

Әдебиеттер:

1. Нормативтік материал

1. Адамның құқықтары мен бостандықтарының жалпы декларациясы 1948г. // Сборник международных договоров и законодательных актов РК в области прав человека: В 2-х т. Алматы: Жеті жарғы, 1996. Т.1. Ч.1. Универсальные договоры.
2. Баланың құқықтары декларациясы. 20 қараша 1959 ж. // // Сборник международных договоров и законодательных актов РК в области прав человека: В 2-х т. Алматы: Жеті жарғы, 1996. Т.1. Ч.1. Универсальные договоры.
3. ҚР Қылмыстық кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 132-144 баптар.
4. «Кәмелет жасқа толмағандардың қылмыстары және оларды қылмыстық және өзгеде қоғамға қарсы іс-әрекетке тарту туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» №6 11 қараша 2002 жылғы ҚР Жоғарғы сотының нормативті қаулысы

2. Әдебиеттер:

1. Ветров Н.И. Охрана интересов семьи уголовно-правовыми средствами. М., 1990г.
2. Савельева В.С. Уголовная ответственность за преступления противнесовершеннолетних. М., 1992г.

СӨЖ № 3

Тақырып: Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Теориялық бөлім: Төменде берілген сұрақтар бойынша жазбаша толық түрде жауаптаржазу.

Сұрақтар:

1. Меншікті қылмыстық-құқықтық қорғаудың негізін сипаттамасы.
2. Меншікке қарсы қол сұғушылықтардың заты.
3. «Мүлік» категориясының белгілері.
4. Мүліктік құндылықтарды табиғи байлықтардан ажырату мәселелері.
5. Талан-таражға салу түсінігі.
6. Талан-таражға салудың нысандары.
7. Ұрлық барысында мүлікті жасырын алудың қасиеттері.
8. Тонаудың ашық сипатының түсінігі.
9. Қарақшылық барысындағы қылмыстық мінез-құлық актілері.
10. Алдау мен сенімге қиянат жасауды ажырату.
11. Алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен мүліктік залал келтіру талан-таражға салудан ажырату.
12. Авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу үшін жауаптылық шектері.

Тапсырмалар:

№1. Семинар және СӨЖ барысында талқылау жолымен арнайы оқу, ғылыми әдебиеттерді пайдалану арқылы жазбаша жұмыстарды келесі тақырыптар бойынша дайындау

Тақырып:

- 1) Талан-таражға салу үшін қылмыстық жауаптылық мәселелері;
- 2) Рәкет және ұқсас қылмыстарды ажырату мәселелері;
- 3) Алаяқтық ұғымының даму тарихы;
- 4) Сеніп тапсырылған мүлікті иемденіп алу немесе талан-таржға салуды саралау мәселелері;
- 5) Қарақшылық және бандитизмді ажырату мәселелері;
- 6) Ұрлықты қылмыстық-құқықтық талдау.

№2. Нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі, селекциялық жетістік, интегралдық микросхемалар топологиялары

ұғымдарын талдап, оларды құқықтық қорғаудың негізгі ерекшеліктерін көрсетіңіз.

№3. Схема құрыңыз: «Талан-таражға салу нысандары», «Талан-таражға салу түрлері».

№4. Кішігірім топтарға бөлініп меншікке қарсы қылмыстарға қатысты презентациялар жасаңыздар.

Әдебиеттер:

1. Нормативтік материал

1. ҚР Қылмыстық кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 187-204 баптар.
2. «Ұрлық туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» №8 11 шілде 2003 жылғы ҚР Жоғарғы сотының нормативті қаулысы. 11.05.2007 жылғы өзгерістермен
3. «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» №6 от 23 маусым 2006 жылғы ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулысы.

2. Әдебиеттер:

1. Айтамбаев Н. Субъективная сторона присвоения и растраты вверенного чужого имущества // Закон и время. 2006г. №8.
2. Алауханов Е.О. Криминологические проблемы корыстно-насильственных преступлений. Монография. СПб.: Юридический центр, 2005г.
3. Темербеков А.А. Уголовная ответственность за вымогательство (на материалах РК): Автореф. канд. дис. Алматы, 1998г.
4. Борзенков Г.Н. Уголовно-правовые проблемы охраны имущества граждан от корыстных посягательств. Автореф. докт. дис. М., 1991г.
5. Мауленов Г.С. Криминологическая характеристика организованной преступности. Учебное пособие. Алматы, 1997г.
6. Уканов К.Ш. Предупреждение хищений в Республике Казахстан: уголовно-правовые и криминологические аспекты. Алматы, 2003г.

СӨЖ № 4

Тақырып: Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (жобалық-ұйымдастырушылық).

Теориялық бөлім: Төменде берілген сұрақтар бойынша жазбаша толық түрде жауаптар жазу.

Сұрақтар:

1. Терроризмнің белгілері.
2. Терроризм нысандары.
3. Адамды кепілге алу құрамын сипаттайтын белгілер.
4. ҚР ҚК 10 тарауындағы жаңа баптардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
5. Бандитизмді саралау ерекшеліктері.
6. Банданың міндетті белгілері.
7. Қылмыстық қоғамдастық құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу құрамын сипаттайтын объективтік және субъективтік белгілері.
8. Бұзақылықты сипаттайтын белгілер.
9. Тағылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.
10. ҚР ҚК 287 б. көрсетілген қылмыс құрамының ерекшеліктері.

Тапсырмалар:

№1. ҚР ҚК 255, 256, 258, 259, 260 бб. қарастырылған қылмыстарға салыстырмалы талдау жасаңыз.

№2. Терроризммен күрес аясындағы халықаралық және ұлттық құқықтың ара

қатынасын анықтаңыз.

№3. Тағылық құрамын имандылыққа қарсы басқа қылмыс құрамдарынан ажыратып, презентациялар дайындаңыз.

Әдебиеттер:

1. Адамдарды кепілге алумен күрес туралы конвенция 18 желтоқсан 1979 ж. Международные договоры, ратифицированные РК, в сфере борьбы с преступностью, оказания правовой помощи по гражданским, семейным и уголовным делам. / Сост. Межибовская И.В., Мухамеджанов Э.Б. Алматы, 2001г.

2. ҚР Қылмыстық кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 255-295 баптар.

3. "Терроризммен күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13 шілде 1999 жыл. 20.12.2004 жылғы өзгерістермен және толықтыруларымен .

4. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл» Қазақстан Республикасының Заңы 18 қыркүйек 2005 жыл.

5. «Жекелеген қару түрлері айналымына мемлекеттік бақылау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 30 желтоқсан 1998 ж. "

6. «Қарақшылық және бірге қатыса отырып жасалған өзгеде қылмыстар үшін жауаптылық туралы заңнаманы соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» №2 21 маусым 2001 жылғы ҚР Жоғарғы сотының қаулысы.

7. «Атыс қаруын, оқ дәрі, қаружарақ және жарылғыш заттарды заңсыз сатып алу, алып жүру, сақтау, жасау немесе оларды сату және атыс қаруын салақ сақтау туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» №4 21 шілде 1995 жылғы ҚР Жоғарғы сотының нормативті қаулысы.

8. «Бұзақылық туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы» №5 21 шілде 1995 жылғы ҚР Жоғарғы сотының қаулысы

2. Әдебиеттер:

1. Терроризм: психологические корни и правовые оценки // Государство и право. 1995. №4.

2. Антонян Ю.М. Терроризм. Криминологическое и уголовно-правовое исследование.М., 1998.

3. Мельникова Ю.Б., Устинова Т.Д. Бандитизм опасное преступление, посягающие на законные права и интересы граждан. М.1995.

4. Салимов К.Н. Современные проблемы терроризма. М., 1999.